



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№9
(2284)
Сенбі
1 ақпан
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАҢА ИППОДРОМ ҚҰРЫЛЫСЫН БАСТАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР



Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің батыс беткейінен ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында жаңа ипподромның құрылысын бастау жұмыстары жоспарланып отыр. Бұл жоба жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен жүзеге асырылмақ.

Осыған сәйкес, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тиісті сала басшыларымен бірге ипподром құрылысын бастауға ниетті жеке кәсіпкерлермен кездесіп, құрылыс жобасын талқылады.

Аудан әкімі ұлттық спортты дамытуға үлкен септігін

тигізетін нысанды іске қосу үшін кәсіпкерлерге алдағы уақытта жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

Аудан орталығында құрылысын жүргізу жоспарланып отырған ипподром ұлттық спорт түрлері: ат спорты, көкпар, теңге ілу және бөйге дәстүрлі ойындарды дамытуға бағытталмақ.

Нысан аудан тұрғындары үшін ұлттық спорт жарыстары мен мәдени іс-шараларды өткізетін орталыққа айналып, жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ететін болады.

БАЗАРЛАР МЕН САУДА ОРЫНДАРЫ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУЫ ТИІС



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тиісті сала басшыларымен бірге Әйтеке би кентіндегі орталық базарлар мен сауда орындарын аралап, азық-түлік бағасын бақылады.

Аудан басшысы базар басшыларына сауда орындарының санитарлық тазалығы, іші сыртының абаттандырылуы барлық талаптарға сай болып, сатушылар мен келушілерге жағдай жасалуы тиіс екендігін ескертті. Сонымен қатар, алдағы уақытта орталық базарларда бей-берекетсіз орналасқан жайма базарларды тиімді жерге орналастырып, ескірген ғимараттарды шұғыл заманауи, жаңа қалыпқа келтіру жөнінде тапсырма берді. Осыған сәйкес ескірген базар

ғимараттарын жаңарту бойынша кент әкімімен жауапты сала басшыларына кәсіпкерлермен бірлесе отырып жұмыс істеуді тапсырды.

Аудан әкімі базарларды аралау барысында бұл орындар халықтың ең көп шоғырланатын орны болғандықтан аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысына өрт қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстауды және аудандық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасы басшысына сауда орындарының санитарлық тазалығына аса мән беру керектігін айтты.

Ал, аудандық полиция бөлімінің бастығына базар маңындағы орталық көшелердегі көлік қозғалысын реттеуді тапсырды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНҒАН ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің жиында ауыл мәжіліс залында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Мұтаев Қайрат Меңдібайұлының төрағалығымен мемлекеттік қолдау шаралары туралы жиын өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев, ауыл шаруашылығы саласына қатысты мекемелердің, қаржы институттарының басшылары мен шаруашылық құрылымдарының өкілдері қатысты.

Жиында ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласының бірқатар мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, құрылған жұмысшы топ өкілдері ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау, субсидия беру нормативтері мен жеңілдетілген несиелер беру тетіктері жайлы толыққанды түсіндірме берді.

Өз кезегінде, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өзге де өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты.

ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Басықара аулындағы «Ө.Тыныбаев» атындағы Қазалы су торабына барып, Сырдария өзенінің бойындағы ахуалды бақылады.

Су торабының бастығы Болат Әсербаев аудан басшысына бүгінгі күні дарияға қаншалықты су келіп тұрғандығын, судың деңгейін және мұз қалыңдығы жөнінде баяндады.


Ал аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев алдағы мұз еру кезеңінде Сырдария өзені арқылы жоғары жақтан келетін мұзды аудан аумағынан қауіпсіз өткізіп жіберу жұмыстары мен өзен бойындағы қауіпті саналатын аймақтардың барлығы үнемі бақылуда екенін жеткізді.

Қазіргі таңда аудан аумағындағы Қазалы су торабына жоғарыдан секундына 280 текше метр су келуде. Одан бөлек, мұздың қалыңдығы 30-33 см шамасында болып тұр.

Аудан әкімі аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығына су деңгейін қатаң бақылауда ұстап, жоғары жақтан келетін мұздың кедергісіз қозғалысын және ауыл-аймақтарға қауіп төндірмеуін күндіз-түні қатаң бақылауды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

6 ақпан – дүниежүзілік сайлау күні

САЙЛАУ – АШЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Халықтың таңдауы сол елдің келешегінің кемел болуына, сайлау жүйесінің дұрыс құрылуы — халықтың сеніміне селкеу түспеуіне жұмыс істейді. Осы орайда, Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы 2005 жылы қыркүйек айында Будапешт қаласында өткен Бас конференциясында жыл сайын ақпан айының алғашқы бейсенбісін кәсіби мереке ретінде атап өту жайында бастама көтергені есте. Ізін ала мұны Біріккен Ұлттар ұйымы қолдап, ақпанның алғашқы бейсенбісі «Дүниежүзілік сайлау күні» болып белгіленді.

Осы уақыттан бері тұтас әлем бұл күнді елеусіз қалдырған емес. Себебі Қазақстан – аталған қауымдастыққа толыққанды мүше. Айта кету керек, Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі бола отырып, өзі қабылдаған ерікті және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі барлық міндеттемелерді ұстанып келеді.

Сайлау және сайлану құқығы 1995 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда реттелген. Конституцияның және осы Заңның ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының Президентін, Парламенті Мәжілісінің, мәслихаттарының депутаттарын, сондай-ақ аудандарының, облыстық маңызы бар қалаларының, аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Шын мәнінде, сайлау – ашық демократияның көрінісі. Президент пәрменімен 2019 жылдан бастап аумақтық сайлау комиссияларының 2 мүшесі, ал 2023 жылдың басынан облыстық сайлау комиссияларының толық 7 мүшесі және аудандық сайлау комиссияларының 3 мүшесі кәсіби негізде тұрақты жұмыс істеуге көшті.

Бұл өз кезегінде әрбір саяси науқанды өткізетін комиссия мүшелері үшін үлкен жауапкершілік жүктеді.

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңы мен «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы кезектен тыс 13-сессиясының №174 және №175 шешімдерімен Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамы 5 жыл мерзімге сайланып, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметке кірісті.

Сондай-ақ, сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес, ауданда сайлауды ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы қайтадан Қазалы ауданында жаңадан 2 облыстық және 15 аудандық бірмандатты округтік сайлау комиссиялары құрылып, ауданда барлығы 57 сайлау комиссиясында 358 мүше жұмыс істейді.

Сонымен қатар, аралас сайлау жүйесін енгізу өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік тудырды. Ал өзін-өзі ұсыну тетігінің енгізілуі де депутат, әкім болуға ынтасы бар азаматтарға үлкен жол ашты.

Осы орайда, сайлау туралы Конституциялық заңға енгізілген жаңа өзгерістерге сәйкес, 2023 жылы Қазақстан Республикасының Сенат, Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтіп, Парламенттің құзыреті күшейіп, депутаттардың рөлі артты. Мәжіліске баратын депутаттардың 70 пайызы партиялық тізіммен, 30 пайызы бірмандатты аумақтық округтер бойынша сайланды. Бұрынғыдай емес, партиялардың Парламентке өтуі үшін 5 пайыз дауыс жинауы жеткілікті болды. Нәтижесінде жаңа деңгейде жұмыс істейтін саяси партиялар құрылып, өзара бәсекелестік дамуға жетеледі.

Сондай-ақ, облыстық мәслихаттың депутаттарының тең жартысы, ал аудандық мәслихаттың депутаттары түгелімен бірмандатты аумақтық округтерден сайланды.

Қазақстанның Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен 2024 жылғы 6 қазанда атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі бойынша республикалық референдум өткізілді.

Сайлау үдерісіне енген тағы бір өзгешелік – әкімдерді тікелей сайлау. Ауыл, қала және кент әкімдерінің сайлауынан бастап алған науқан аудан әкімдерін тікелей сайлауымен жалғасып, өткен жылы біздің облыста Сырдария және Шиелі аудандарында өткізілді. Ауданымызда 6 әкім сайлауы өткізілді, атап айтқанда Әйтеке би кенті, «Сарыкөл», «Майдакөл», «Сарбұлақ», «Алға» және «Тасарық» ауылдық округтерінің әкімдері. Өткізілген барлық деңгейдегі сайлаулар заң аясында және ашықтық қағидаты негізінде ұйымдастырылып, ешқандай тәртіп бұзушылықтар орын алған жоқ.

Биыл, яғни 2025 жылы Қазалы ауданы бойынша Ғ.Мұратбаев және «Қарашеңгел» ауылдық округтерінің әкімдері сайланатын болады.

Қазіргі таңда сайлау жүйесі демократия талаптарына сәйкес жұмыс істеп жатқанын көреген көз көріп отыр. Қазақ жұрты көнениң негізсіз ойлауынан арылып, еліміздің жарқын болашағына апарар жол – ол әділ, ашық сайлаудан басталатынын түсінді. Науқанға қатысу – өз өміріне, елдің келешегіне бейжай қарамау екенін шындап ұғынды. Өйткені қазіргі сәтте кез келген сайлауда сайлаушылардың құқығын сақтау, дауыс беру мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр. Тіпті ауыл әкімі болуға кандидаттардың өзін өзі ұсынуы сайлау жүйесінің жаңарғанын, елдің қалауына болысқанын білдіреді.

Еліміздің сайлау жүйесінде қызмет етіп жүрген әрбіріміз Қазақ жұртының лайықты өмір сүруін, төрткіл дүние жұрты алдында абыройымыздың асқақтауын мақсат-мүдде етіп алғанымыз жасырын емес. Ендеше барша қазақ жұртын, оның ішінде сайлау жүйесі саласындағы қызметкерлерді мерекесімен құттықтай отырып, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын деп тілейміз.

Нұрлан АМАНБАЙ,
Қазалы ауданының
аумақтық
сайлау комиссиясының
төрағасы

ЭЛЕКТРОНДЫ ХАТТАМА

Электрондық хаттамаға қойылатын техникалық талаптар оның толықтығын, құрылымын және сапалы жаңғыртуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне және электрондық құжатқа қойылатын талаптарды, оны тіркеуге беру және бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда өткізілетін сот отырыстарының электрондық хаттамасына қойылатын талаптарды айқындайды.

Электрондық хаттама деп сот ісін жүргізу мақсатында сот талқылауының барысын дәл белгілеу үшін, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізуде нақты деректерді анықтау мақсатында пайдаланылатын сот талқылауының аудио-бейнежазбасы танылады.

Электрондық хаттама Қазақстан Республикасы соттарының сот отырыстарын тіркеудің аппараттық-бағдарламалық кешені арқылы жасалған цифрлық аудио-бейнетіркеуден (бұдан әрі - АБК АБТ) тұрады.

АБК АБТ сот отырысын өткізу барысында алынған аудио-бейне материалдарды жазудың, өңдеудің және сақтаудың біртұтас жүйесі болып табылады.

Электрондық хаттама жасалған кезде сот отырысы залының жергілікті компьютерінде сақталады. Электрондық хаттаманың көшірмесі де облыстық деңгейдегі негізгі және резервтік серверде сақталады.

АБК АБТ электрондық хаттамасының толықтығы, құрылымы және сапалы жаңғырту үшін:

1) техникалық бекітуді жүзеге асыратын, хатшының жергілікті компьютеріне сот отырысы залында орнатылған микрофондардан дыбысты және бейне-камералардан бейнежазбаны үздіксіз цифрлық жазу;

2) сот отырысы хатшысымен электрондық хаттаманы одан әрі қарауды оңайлату үшін процеске қатысушыға сөз беру уақытын белгілеу мүмкіндігі;

3) оптикалық дискіге немесе сыртқы электрондық тасымалдаушыға электрондық хаттаманы жазу мүмкіндігі;

4) жергілікті компьютерден облыстық деңгейдегі серверге және жергілікті-есептеу желісі арқылы деректерді өңдеудің резервтік орталығына электрондық хаттаманы беру;

5) келесі ақпаратты қамтитын шаблондар негізінде сот отырысының қысқаша хаттамасын автоматты түрде жасау:

сот отырысын өткізу орны;
сот отырысының басталу және аяқталу күні мен уақыты;

істің нөмірі
істің мәнінің қысқаша сипаттамасы;
сот құрамы;

сот отырысына қатысатын іс тараптары;

процеске қатысушылардың дәлелдемесі түрінде ұсынылған қосымша материалдарда;

процеске қатысушылардың сөз сөйлеген уақыт белгілері;

электрондық хаттаманы құрайтын аудио және бейне файлдардың атауы, олардың мөлшері мен MD5 хэширлеу алгоритмі арқылы есептелген бақылау сомасы;

6) тіркелген ақпаратты жазу режимінде де, сақтау режимінде де өзгерістер мен бұрмалаудан қорғау;

7) компоненттердің жұмысқа қабілеттілігін аппараттық бақылау;

8) сот отырысы залында орнатылған микрофондардан көп арналы аудио жазбаны қамтамасыз етеді.



ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы аудандық қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383 «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына және «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығымен бекітілген ережесіне сәйкес, Қазалы аудандық Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөнінде конкурс жариялайды.

Ескерту:
Қазалы ауданының Қоғамдық кеңесіне мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың қатарынан өкілдік етудің сандық құрамы 15 (он бес) адам болып айқындалған.

Коммерциялық емес ұйымдар және әрбір азамат бір ғана кандидат ұсынуға құқылы.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ Қоғамдық кеңес жергілікті деңгейде қалыптастырылған жағдайда – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұрақты тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттың:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауға;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойын-

ша психикалық денсаулық сапасында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісім ұсынылады.

Құжаттарды қабылдау мекен-жайы және уақыты:

«Қазалы аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің мекен-жайы: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі, №130 үй, «Қазалы аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі, электрондық пошта kazaly-maslihat@mail.ru, құжаттарды қабылдауға жауапты Н.Құрманбай, телефон: 79-2-80 ішкі (32-53), ұялы: 8-775-468-74-53.

Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтардың Қоғамдық кеңестің құрамына кандидатуралар бойынша ниет білдіргендердің ұсыныстарын қабылдау уақыты: хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде, 2025 жылғы 15 ақпан күні аралығында күнделікті 09.00 мен 19.00 сағат (жұмыс күндері). Түскі үзіліс 13.00 мен 15.00 сағат аралығы.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ В ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА

Рабочая группа по формированию Общественного совета Казалинского района в соответствии с Законом Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года №383 «Об общественных советах» и утвержденным приказом положения Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года за №69 «Об утверждении Типового положения об Общественном совете» объявляет о проведении конкурса об избрании членов в Общественного совета Казалинского района

Примечание:

Общественного совета Казалинского района определен из 15 (пятнадцать) человек, представляющих из числа представителей государственных органов, субъектов квазигосударственного сектора, гражданское общество некоммерческие организации и граждан.

Некоммерческие организации и каждый гражданин вправе выдвинуть только одного кандидата.

Требования, предъявляемые к кандидатам в члены Общественного совета:

Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин Республики Казахстан, достигший восемнадцати лет, а также в случае формирования Общественного совета на местном уровне – постоянно проживающий в пределах соответствующей административно-территориальной единицы.

Кандидат в члены Общественного совета не должен:

1) иметь судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;

2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в орга-

низациях, оказывающих медицинскую помощь в области психического здоровья, по поводу психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

Для участия в конкурсе представляются:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Адрес и время приема документов:

Адрес ГУ «Аппарата маслихата Казалинского района»: Казалинский район, кент Айтеке би, улица Жанкожа батыра №130, электронный адрес: e-(kazaly-maslihat@mail.ru) ответственный за прием документов Н.Курманбай. тел. 79-2-80 внутр. (32-53), сотовый: 8-775-468-74-53

Срок приема предложений представителей некоммерческих организаций и граждан о кандидатах Общественного совета принимаются: с 3 февраля 2025 года, по 15 февраля 2025 года ежедневно: с 9.00 до 19.00 (рабочие дни) в течение десяти рабочих дней после даты опубликования объявления о проведении конкурса. Обеденный перерыв с 13.00 до 15.00.

Рабочая группа по формированию Общественного совета

2024 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ «ЦИФРЛЫҚ ҮКІМЕТТІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМК-МЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ «ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН (САЙТ - INFONPRO.GOV.KZ) ОДАН ӘРІ ДАМУ ТУРАЛЫ МАҚСАТЫНДА ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА - ESER.GOVTEC.KZ - КЕ ӨТЕДІ.

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне <https://eser.govtec.kz/> веб-порталында электрондық есептілік ныса-

нын уақытылы толтыруды ұсынады.

Қазақстан Республикасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-1 бабы 5- тармағына сәйкес мәліметтер жыл сайын 31 наурызға дейін ұсынылады. «ҮЕҰ Дерекқорына» мәліметтерді ұсыну мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар аясында әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді электрондық түрде <https://eser.govtec.kz/> веб-порталы арқылы ұсыну үшін Халыққа қызмет көрсету орталығының жақын жердегі бөлімшесінде (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет.

Мәліметтер Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылады («Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы №51 бұйрығы).

«ҮЕҰ Дерекқорына» мәліметтерді ұсынбау, уақытылы ұсынбау және анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну ҚР ӘҚБтК-нің 489-1-бабына сәйкес тиісті әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделген.

Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі

ЭЛЕКТРОНДЫ ХАТТАМА

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

8. Электрондық хаттама серверлерде атауы автоматты түрде қалыптастырылатын және істің нөмірінен, сот талқылауын жүргізу күні мен уақытынан тұратын файлдар түрінде сақталады. Файлдар келесі форматтарға сәйкес келеді:

1) бейне кодтау - MPEG4, XVID, WEBM, F1.V;

2) дыбысты кодтау - MP3, Lame, AAC, WAV;

3) бейнеажыратымдылығы кемінде 640x320.

Электрондық хаттаманың аудио бөлігі АБК АБТ-ның сот отырысы залында орнатылған әрбір микрофонынан жазылған жазбаны сақтайды. АБК АБТ судьялар мен сот отырысының хатшыларына әрбір жеке ау-

дио файлды басқалардан тәуелсіз тыңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. АБК АБТ автоматты түрде барлық микрофондардан (микширленген аудио файл) жазбаларды біріктіретін аудио файлды, сондай-ақ сот отырысы залының бейне жазбасын және барлық микрофондардан жазбаны біріктіретін аудио-бейне файлды қалыптастырады. Микширленген аудио-бейнефайл электрондық хаттаманы жасау кезінде АБК АБТ қолданатын кодтау пішімдерін қолдайтын кез келген мультимедиялық құрылғыда ойнатылады.

Сот отырысы аяқталғаннан кейін электрондық хаттаманың ажырамас бөлігі ретінде оны сәйкестендіру және бүтіндігін тексеру

үшін жеткілікті ақпаратты көрсететін оның қысқаша мазмұнының сипаттамасы автоматты түрде қалыптастырылады. Электрондық хаттама интеграциялау арқылы сот органдарының ақпараттық жүйесіне беріледі және істің басқа да электрондық материалдарымен бірге сақталады.

Сот отырысы хатшысының электрондық хаттамаға қол қоюы сот органының ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны куәландыру жолымен жүзеге асырылады.

А.АЙМАХАНОВА,
Қазалы аудандық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, жұмыс беруші еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасына орналастыруға міндетті.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді, «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасынан көруге болады. Сонымен бірге жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін «Enbek.kz» порталында тіркелу арқылы жеке кабинет ашыңыз;

- Өтінішті толтырып, қол(ЭЦҚ) қойыңыз (ОК-коппен немесе СМС хабарламамен);

- Мансап орталығындағы жұмыс іздеуші ретінде тіркеліңіз;

- «Enbek.kz» 3 жұмыс күні ішінде сізге қолайлы жұмысты таңдайды;

- Сіз жұмыс таба алмаған жағдайда, заңнамаға сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелу автоматты түрде өтеді;

- Мемлекеттен уақытша жұмыс орнын (ақылы қоғамдық жұмыс, әлеуметтік жұмыс орны, жастар тәжірибесіне, Күміс жас жобасы бойынша қатыса аласыз).

Қоғамдық жұмыстар.

Кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, уақытша жұмыспен қамтамасыз ету

үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің бір түрі.

Қоғамдық жұмысқа жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар, зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі және өндірістің тоқтап тұруына байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар қатыса алады.

Жалақысы - субсидияның бір айдағы мөлшері (экологиялық үстемақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескергенде) кемінде 20 АЕК-ті құрайды.

Қатысу ұзақтығы: 12 айға дейін.

Әлеуметтік жұмыс орындары.

Жұмыс беруші мансап орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін олардың жалақысын субсидиялау арқылы құратын жұмыс орындары.

Әлеуметтік жұмысқа жұмыссыздар және зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар қатыса алады.

Қатысу ұзақтығы: 12 айдан аспайды.

Жалақы: Субсидияның 1 айдағы мөлшері (экологиялық үстемақылар бойынша төлемдерді есеп-

ке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескергенде), жұмыссыздар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 35 %-ын құрайды, бірақ субсидия көлемі 20 АЕК-тен аспайды.

Мақсаты: Жұмыссыздарды жұмыспен қамту және жұмыс берушіге жұмысшының жалақысының төленуіне қолдау көрсету арқылы тұрақты жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

«Күміс жас» жобасына 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар жобаға қатысушылар болып табылады, олардың арасында зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған).

Қатысу ұзақтығы 36 айдан аспайды.

Мақсаты: «Күміс жас» жобасына қатысуды аяқтаған зейнеткерлік жасқа толмаған адамды кемінде 1 жыл мерзімге, ал зейнеталды жастағы адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету.

Толық мағлұмат алу үшін бөлімнің 23-2-62 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫНАН
САҚТАНАЙЫҚ!

Дерматомикоз (теміреткі) шашты, теріні, тырнақты, аяқты, шаштың маңайындағы теріні және бетті зақымдайтын микозды жұқпалы ауру. Дерматомикозбен көбінесе балалар ауырады.

Аурудың көзі – науқастар мен үй жануарлары (ірі қара малдар, мысықтар, иттер). Теміреткі қатынас арқылы, қоздырғыш жұқтырған науқастардың тері қабыршақтары, шаштары, жануарлардың жүндері арқылы жұғады. Қоздырғыштар науқастың бас киімдері, төсек жамылғылары, тарақтары, қайшылары және қолданыстағы тағы да басқа заттары арқылы беріледі. Теміреткінің қоздырғыштары қоршаған ортаға өте тезімді келеді, зақымданған теріде 6 айға дейін, шашта 4 жылға дейін сақталады. Киімдерде, төсек жамылғыларында, кілемдерде және басқа да заттарда бірнеше жылдар бойы сақталады да, сау адамның терісіне түскенде ауру тудырады.

Теміреткінің қоздырғыштары киімдерді қайнатқанда 30 минуттан кейін жойылып кетеді. Аурудың жасырын кезеңі 1 аптадан 1 айға дейін. Аурудың клиникалық белгілері шаштың арасында 1-2 домалақ немесе сопақша келген үлкен, қызғылт түсті қабыршақты жараның пайда болуымен сипатталады. Шаштың барлығы бір деңгейде қырқылған тәрізді көрінеді, жылдам жұлынады. Бетте, денеде, аяқ-қолда домалақ, шеттері айқын көрінетін, қабынған, қабыршақты жара пайда болады.

Дерматомикоз ауруының алдын алу шаралары:

Жеке бас тазалығына арналған жөкені, сүлгіні, тарақты және тағы басқа заттарды пайдалану;

Үйге келген соң міндетті түрде қолды сабындап жуу;

Іш киімдерді, төсек жаймаларын, сүлгілерді жиі-жиі ыстық сумен жуып, үтіктеу;

Үй жануарларын ұстағаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу;

Балаларыңыздың қаңғыбас ит, мысықтармен ойнауына жол бермеу;

Шаштараздарға, спорт залына, фитнес клубтарына барғаннан соң міндетті түрде жуыну;

Жалпы тері ауруларына сәл күдіктенген жағдайда дәрігерге қаралу қажет. Дұрыс емді тек қана дәрігер таңдай алады.

Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.